

1997 жылдың 12 наурызынан бастап шығып келеді

Мамандық таңдау

ең маңызды
шешімдердің бірі

Рауан
ЖАЛТЫРБАЕВА
Zhubanov University
Кәсіби бағдар және
қабылдау комиссиясы
бөлімінің басшысы,
Заң ғылымдарының
магистрі

4-5 66

Осы санда



ЖАҢА
ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ
СҮЙІНШІСІ КӨП

6-7 66



АБАЙ КҮНІ

8-11 66



ШҰБАТТЫҢ
ПАЙДАСЫ

16-6

☑ Басты жаңалықтар

☑ Главные новости

☑ Main news

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ ҚАШЫҚТАН БАСТАЛАДЫ

Zhubanov University білім алушыларын жаңа оқу жылында online жүйесінде қарсы алмақ. 2020-2021 оқу жылының күзгі семестрі қашықтан оқытылатын болады. Тек докторантураға биыл түскендер штаттық режимде оқиды. Бұл жөнінде оқу және оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор Бибигүл Әбеннова баяндады.



“Университет басшылығы пандемия жағдайында оқу процесін ұйымдастыру бойынша Жол картасын бекітті. ҚР БҒМ Жол картасы негізінде. Оған білім беруді ұйымдастыру жұмысының алгоритмі, санитарлық-эпидемиологиялық жүйе, электрондық құжат айналымы және т.б. енгізілген. Сондай-ақ пандемия кезінде өтетін алдағы күзгі семестрге байланысты университеттің академиялық саясатына өзгеріс пен қосымша енді. Негізгі оқу процесі бұрынғыдай “Универ” жүйесі арқылы іске асатын болады. Бұл жүйеде 2,5 мыңнан астам пән бойынша материалдар жүктелген. Сонымен қатар бейнелекциялар жазылуда, олар оқу орнының YouTube каналына салынады”.

Қашықтан оқыту үшін университет алдындағы тәжірибедегі Zoom, Meet.jit.si, Google classroom, Microsoft Teams платформаларын пайдаланбақ. Ал лабораториялық сабақтар үшін виртуалды зертханалар қолданылады. Сонымен қатар қашықтан оқыту бойынша университеттің жеке порталы да жұмыс істейді. Алдымен оны физика-математика факультетінің студенттері қолдана алады. Әрі қарай қалған фа-



культеттер де қосылмақ. Бұл автономды порталдың артықшылығы автоматтандырылған прокторинг жүйесі бар және оқу процесінің сапасын қадағалау мүмкіншілігіне ие.

Бірінші курс студенттері университет өмірімен сайт арқылы танысып, студенттік шақтарына бейімделеді. Ол үшін виртуалды ЖОО жүйесі қарастырылған. SmartARU мобилді қосымшасы бар, электрондық кітапхана жұмыс істейді”, - дейді Б.Әбеннова.

НОВЫЙ УЧЕБНЫЙ ГОД НАЧНЕТСЯ УДАЛЕННО

В новом учебном году Zhubanov University встретит студентов онлайн. Осенний семестр 2020-2021 учебного года будет проходить дистанционно. Только поступившие в докторантуру будут учиться в штатном режиме. Об этом сообщила проректор по учебной работе Бибигуль Абенова. «Администрация вуза утвердила Дорожную карту по организации образовательного процесса в случае пандемии. Она основывается на Дорожной карте Министерства образования и науки. Включает в себя алгоритмы организации обучения, санитарно-эпидемиологическую систему, электронный документооборот и др. Также были внесены изменения и дополнения в академическую политику университета в связи с предстоящим осенним семестром во время пандемии. Основной учебный процесс будет продолжаться по системе «Универ». В сис-

тему загружены материалы по более чем 2,5 тысячам тем. Кроме того, ведется запись видеороликов, которые будут размещены на канале университета в YouTube». Будут использоваться платформы Zoom, Meet.jit.si, Google classroom, Microsoft Teams. Для лабораторных занятий откроются виртуальные лаборатории. Также запускаем персональный портал дистанционного обучения вуза. Первыми его опробуют студенты физико-математического факультета. В будущем смогут подключиться и другие факультеты. Преимущество автономного портала - это автоматизированный прокторинг и возможность контролировать качество учебного процесса.

Первокурсники познакомятся с жизнью университета через сайт и адаптируются к студенческому времени. Есть виртуальная университетская система, мобильное приложение SmartARU, электронная библиотека», - сказала Б.Абеннова.

THE NEW SCHOOL YEAR WILL START REMOTELY

In the new academic year, Zhubanov University will meet students online. The fall semester of the academic year 2020-2021 will be held remotely. Only those who enroll in doctoral studies will study on a regular basis. This was announced by the Vice-Rector for Academic Affairs Bibigul Abenova. “The administration of the university has approved

the Roadmap for organizing the educational process in the event of a pandemic. It is based on the Roadmap of the Ministry of Education and Science. It includes algorithms for organizing training, a sanitary and epidemiological system, electronic document management, etc. Changes and additions were also made to the academic policy of the university in connection with the upcoming autumn semester during a pandemic.

The main educational process will continue according to the “Univer” system. The system is loaded with materials on more than 2.5 thousand topics. In addition, videos are being recorded and will be posted on the university's YouTube channel. “Platforms Zoom, Meet.jit.si, Google classroom, Microsoft Teams will be used. Virtual laboratories will open for laboratory exercises. We are also launching a personal portal for distance learning of the university. Students of the Faculty of Physics and Mathematics will be the first to test it. In the future, other faculties will also be able to connect. The advantage of the offline portal is automated proctoring and the ability to control the quality of the educational process. Freshmen will get acquainted with the life of the university through the website and adapt to student times. There is a virtual university system, a mobile application SmartARU, an electronic library,” said B. Abenova.

Басты жаңалықтар

Главные новости

Main news



тестері оның еңбекқорлығы мен табандылығын ерекше атап өтті.

тавники и коллеги, особо отметили трудолюбие и целеустремленность Берикхана Исекулы.

PHD ДОКТОРСКАЯ ДИССЕРТАЦИЯ ЗАЩИЩЕНА НА КИТАЙСКОМ ЯЗЫКЕ

Директор научно-инновационного департамента Zhubanov University Берикхан Исекулы успешно защитил PhD докторскую диссертацию в университете Цинхуа (Tsinghua) на китайском языке. Научное исследование молодого ученого посвящено языковой политике.

PHD DOCTORAL DISSERTATION DEFENDED IN CHINESE

Director of the Science and Innovation Department of Zhubanov University Berikhan Isbekuly successfully defended his PhD doctoral dissertation at Tsinghua University in Chinese. The young scientist's scientific research is dedicated to language policy. Tsinghua University of the People's Republic of China is ranked among the top 100 universities in the world. Among its alumni are the presidents of the People's Republic of China Hu Jintao (previous) and Xi Jinping (current). Berikhan Isbekuly received a bachelor's degree from the Semipalatinsk Pedagogical Institute, and a master's degree from S. Amanzholov East Kazakhstan University. He is the author of over 40 scientific articles in Kazakh, Chinese, English.

Университет Цинхуа Китайской Народной Республики входит в 100 лучших ВУЗов мира. В числе его выпускников — председатели КНР Ху Цзиньтао (предыдущий) и Си Цзиньпин (нынешний). Берикхан Исекулы получил степень бакалавра в Семипалатинском педагогическом институте, а степень магистра в Восточно-Казахстанском университете им. С.Аманжолова. Он автор более 40 научных статей на казахском, китайском, английском языках. Основная специальность — учитель казахского языка и литературы. Он стал первым казахом, получившим степень PhD доктора в гуманитарном направлении в университете Цинхуа. Поздравившие в соцсетях нас-

The main specialty is Kazakh philology. He became the first Kazakh to receive a PhD in the humanities from Tsinghua University. The mentors and knees who congratulated on social networks especially noted the hard work and dedication of Berikhan Isbekuly.

PHD ДОКТОРЛЫҚ ДИССЕРТАЦИЯ ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕ ҚОРҒАЛДЫ

Zhubanov University ғылыми инновациялық департаментінің директоры Берикхан Исекулы PhD докторлық диссертациясын Цинхуа (Tsinghua) университетінде қытай тілінде сәтті қорғап шықты. Жас ғалымның ғылыми зерттеуі тілдік саясат тақырыбына арналды.

Қытай Халық Республикасының Цинхуа университеті әлемнің ең үздік 100 ЖОО қатарында. Оны кезінде ҚХР төрағалары: Ху Цзиньтао (бұ-

рынғы), Си Цзиньпин (қазіргі) төрағалары бітірген.


Берикхан Исекулы бакалавр дәрежесін Семей педагогикалық институтында, магистр дәрежесін С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінде алған. Қырыққа жуық қазақ, қытай, ағылшын тілдеріндегі ғылыми мақала авторы. Негізгі мамандығы — «Қазақ тілі мен әдебиеті» мұғалімі. Ол Цинхуа университетінде гуманитарлық бағыт бойынша PhD докторы атанған тұңғыш қазақ ұлтының өкілі. Берикхан Исекулын ғаламторда құттықтаған ұстаздары мен әріп-

ZHUBANOV UNIVERSITY СТУДЕНТІНІҢ ЕСІМІ ҚР ЖАСТАРЫНЫҢ АЛТЫН ЖИНАҒЫНА ЕНДІ

«Қазақстан жастарының 100 жаңа есімі — 2020» мегажобасының жеңімпазы, Zhubanov University студенті Қайрат Бахытжанов жаратылыстану факультетінің белсенді студенті. Ол «Биология» мамандығының 4-курсында оқиды. Оған байқаудың I-ші дәрежелі дипломы мен төсбелгісі тапсырылды. Есімі Қазақстан Республикасы жастарының Алтын жинағына енді. Жас ұрпақты жалпыұлттық бірлік пен патриотизм сезіміне баулуда, олардың санасында әлеуметтік жауапкершілікті нығайтуда аталмыш шара өткізудің маңызы үлкен.

ИМЯ СТУДЕНТА УНИВЕРСИТЕТА ЖУБАНОВА ВНЕСЕНО В ЗОЛОТУЮ КОЛЛЕКЦИЮ МОЛОДЕЖИ РК

Победитель мегапроекта «100 новых имен молодежи Казахстана — 2020», студент Zhubanov University Кайрат Бахытжанов - активный студент факультета естественных наук. Он учится на 4-курсе по специальности «Биология». Награжден дипломом I степени и нагрудным знаком конкурса. Его имя внесено в Золотую коллекцию молодежи Республики Казахстан. Это мероприятие направлено на воспитание подрастающего поколения в духе чувства национального единства и патриотизма, укрепления социальной ответственности в их сознании.



THE NAME OF A UNIVERSITY STUDENT ZHUBANOV IS INCLUDED IN THE GOLDEN COLLECTION OF YOUTH OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

The winner of the megaproject "100 new names of youth in Kazakhstan — 2020", a student at Zhubanov University Kairat Bakhytzhanov is an active student of the Faculty of Natural Sciences. He is a 4th year student with a degree in Biology. Awarded with a diploma of the I degree and an award badge of the competition. His name is included in the Golden Collection of Youth of the Republic of Kazakhstan. This event is aimed at educating the younger generation in the spirit of a sense of national unity and patriotism, strengthening social responsibility in their minds.

☑ Person of the month

Мамандық таңдау

ең маңызды
шешімдердің
бірі



Zhubanov University еліміздің батыс аймағындағы бәсекеге қабілетті маман дайындайтын білім беру мен ғылым саласының ірі орталығы ретінде саналады. Сондықтан бұл ЖОО білім алушысы атану мәртебесіне ұмтылатындар қатары жыл сайын артып келеді. Бүкіләлемдік пандемия жағдайында өткен биылғы қабылдау комиссиясы жұмысы жайында Кәсіби бағдар беру және қабылдау комиссиясы бөлімінің басшысы Рауан Жалтырбаевадан сұрап білдік. Маңызы зор міндетті командасымен абыройлы аяқтаған Рауан Серікбайқызы заң ғылымдарының магистрі, Ақтөбе қалалық сотында бас маман ретінде жұмыс жасап, тәжірибе жинақтаған, оқытушылық қызметте тәрбие жұмысы бойынша «Жыл кураторы-2006» байқауының жеңімпазы, сонымен бірге сол жылы Үздік оқытушы атағын алды.

— Биыл қабылдау комиссиясы жұмысы коронавирус індетіне байланысты пандемия кезінде жүрді. Міндетті атқару оңай болмаған шығар?

— Биыл оқуға құжат тапсыру мен қабылдау ерекше болды. Бұған әлемді өзгерткен пандемия себеп. Қабылдау жұмыстары цифрландырылып,

талапкерлерге кеңестер телефон, WhatsApp және әлеуметтік желілер арқылы жүргізілді. Қабылдау науқаны кезінде Ұлттық бірыңғай тестілеуге, мемлекеттік грант конкурсына және ақылы бөлімге құжат қабылдау Ұлттық тестілеу орталығының сайты арқылы және қабылдау комиссиясы арқылы онлайн өтті. Арнайы оқытылған тех-

никалық хатшылар белең алған пандемияға қарамастан, жұмыстарын белсенді түрде атқарды. Өрине желінің арғы жағында тұрған талапкерлерден құжат қабылдау оңай болған жоқ. Дегенмен болып жатқан өзгерістер халықтың цифрлық сауатының артуына әсерін тигізді. Үйден шықпай-ақ кеңес алу, жоғары

оқу орнының виртуалды комиссиясына оңай қосылу, құжаттарын осы виртуалды комиссия арқылы тапсыру індеттің тарауын алдын алумен қатар, уақытты да үнемдеуге септігін тигізді. Ал интернет желісі мен компьютері жоқ талапкерлер қабылдау комиссиясына келген жағдайда, оларға арнайы интернет желісіне қосылған компьютерлермен қамтамасыз етілген өз-өзіне қызмет ету залы дайындалды. Ғимаратқа кіру үшін алдымен сырт киімді залалсыздандыратын арнайы туннель арқылы өтіп, артынша аяқ киімін арнайы кілемшеде дезинфекциялау, дене қызуын өлшеу, антисептикпен қолдарын өңдеу шарт болды. Әрбір техникалық хатшы бетперделермен және антисептикпен қамтамасыз етілді. Бұл шаралар медициналық-санитарлық нормаларды сақтау үшін жасалды.

— Біраз заманауи білік те жинап алған тәріздісіздер...

— Биыл қабылдау комиссиясының біраз қызметі цифрландырылды. Педагогикалық мамандық таңдайтын талапкерлер арнайы емтиханды университеттің сайты арқылы онлайн тапсырды. Сондай-ақ шығармашылық емтихандар онлайн және оффлайн жүргізілді. Қашықтан оқуға тапсырған талапкерлер онлайн әңгімелесуден өтті. Техникалық хатшылар журналдары электронды жүргізілді. Және онлайн түскен өтініштерді өңдеу, egov.kz жүйесінде, Ұлттық тес-



тілеу орталығының сайтында жұмыс жасау қабылдау комиссиясы қызметкерлерінің тәжірибесін шыңдады.

Сонымен қатар биыл Ұлттық бірыңғай тестілеу кезінде академиялық адалдыққа ерекше мән берілді. Әрбір аудиториялар бейнекамерлармен қамтамасыз етіліп, бақылау тек тест тапсырушыларға ғана емес, бақылаушылардың өздеріне де жүргізілді. Смартфон, жазба қағаздар т.б. рұқсат етілмейтін заттар алып кірмек болған талапкерлер емтиханға жіберілмеді. ҰБТ тапсыру сәтіннен тікелей онлайн көрсетілімдер жүрді. Әрбір ата-ана баласының тест тапсыру сәтін үйінде бақылап отырды. Барлық бейнежазбаға 25-тамызға дейін талдау жасалып, ҰБТ қағидаларын бұзу анықталған тестілеу нәтижелері жойылды.



Оған қоса білім беру грантын тағайындау куәлігі де жарамсыз болып қалды. Арнайы алгоритм тестіленушінің күдікті отырысын немесе қолына ұстаған затын анықтауға көмектесті.

— **Университет талапкерлермен жұмыс істеуде оларға өмірлік және кәсіптік бағыт-бағдар беруді басымдыққа алды. «Жұбанов керуені» мегажобасы жүзеге асты. Нәтижесі бар ма?**

— 2019-2020 оқу жылының басынан жүргізілген «Жұбанов керуені» Ақтөбе облысының барлық аудандарын қамтыды. Керуен барысында аудан мектептерінің түлектері, олардың ата-аналары мамандық таңдау, ЖОО-ға түсу ережелерімен және жалпы биылғы білім саласындағы жаңалықтар туралы ақпараттар алды. Керуен нәтижесі ретінде өз облысымыздың балалары өңірге қажетті мамандар сұранысын жабу мәселесін шешкендігінен көрініс береді. Себебі педагогикалық және техникалық білім бағытын таңдаған талапкерлер саны көбейген.

— **Мамандық таңдауда кейбіреулер қателесіп, кейін өкініп жүреді. Өзіңіз болашақ кәсібіңізді қалай таңдадыңыз?**

— Мамандық таңдау жасөспірім шақтағы ең маңызды шешімдердің бірі. Үлкен өмірге енді ғана аяқ басқан жас ұланның алдында мыңдаған мамандықтан өзіне лайықты біреуін таңдау міндеті тұрады. Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез келгеніне икемділік қажет, бұл жай күнелту, тамақ асыраудың жолы ғана емес, өмір бойы шұғылданатын кәсіп. Кейбір жастар мамандық таңдау ережесін білмегендіктен, өзі қызықпайтын мамандықты таңдайды. Осыдан мамандығына қанағаттанбаушылық, реніш сезімдері болып, тіпті алдарына жоспар да құрғысы келмейді. Әрбір

адам өзін-өзі дамыта алу үшін білім алып, сол біліміне сай мамандыққа машықтануы керек. Өзім «Құқықтану» мамандығын осы қара шаңыраққа бітірдім. Оқытушылық саласында 7 жыл қызмет еттім. Қазір талапкерлерге кәсіби бағдар беру және оларды оқуға қабылдау жұмыстарын атқарамын. Бұл салаға бет бұруға ардақты ұстазым Смағұлова Асыл Смағұлқызының септігі тиді. Ұстазымнан алған тәлімім көп болды, сол кісінің жетегімен білім саласында қалуға бел будым. Қазіргі кәсібім өзіме қатты ұнайды және қателестім деп ойламаймын.

— **Алдағы оқу жылында да қанша студент университет табалдырығын аттағалы отыр? Олар қандай мамандықтарды көп таңдады?**

— Алдағы оқу жылында 4000-ға жуық жастың студенттік өмірі басталады. Педагогикалық, техникалық мамандықтармен бірге жаратылыстану бағытында биыл серпіліс бар.

Өңгімелескен
Гүлнара Қараша

Main news



СҰРАНЫСҚА ИЕ МАМАНДЫҚТАРҒА ГРАНТ БӨЛІНДІ

Ақтөбе өңірінде кітапхана, су ресурстары, ауыл шаруашылық, ветеринария, орман шаруашылығы, құрылыс, дін салаларында кадрлық тапшылық бар, сондай-ақ педагог-мамандар жетіспейді, оның ішінде орыс тілі, математика, химия, физика пәнінің мұғалімдері аз. Осы жағдайды ескере отыра облыс әкімдігі биылғы талапкерлерге арнап 60 грант бөлді. Облыс әкімі Оңдасын Оразалиннің төрағалығымен өткен 2020-2021 оқу жылына грант бөлу бойынша комиссия отырысында оның иегерлері анықталды. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білім алушылар оқуын аяқтағасын облыстың кадр тапшылығы орын алған жеріне барып, келісімшарт негізінде 3 жылдан кем емес уақыт жұмыс жасауы қажет. Жалпы 92 үміткердің ішінен 60 талапкердің ҰБТ-дан жинаған балдық көрсеткіштеріне, яғни білім деңгейіне басты назар аударылыпты. Айта кетсек, биыл ҚР ҰЖБ тарапынан бөлінетін жалпы мемлекеттік білім грантын республика бойынша 53 000 талапкер жеңіп алды.

БЫЛИ ВЫДЕЛЕНЫ ГРАНТЫ НА ВОСТРЕБОВАННЫЕ СПЕЦИАЛЬНОСТИ

В Актобинской области не хватает кадров в области библиотечного дела и водного хозяйства, сельского хозяйства, ветеринарии, лесного хозяйства, строительства, религии, а также отмечается нехватка учителей, в частности, русского языка, математики, химии и физики. Учитывая сложившуюся ситуацию, акимат области выделил поступающим в этом году 60 грантов. На заседании комиссии по распределению грантов на 2020-2021 учебный год под председательством акима области Оңдасына Оразалина были определены их соискатели. За счет местного бюджета выпускники должны будут выехать на места нехватки кадров в регионе и работать по контракту не менее 3 лет. Из 92 кандидатов было выбрано 60 абитуриентов. Основное внимание при распределении было уделено результатам ЕНТ, то есть уровню образования. Стоит отметить, что в этом году 53 тысячи абитуриентов по всей стране выиграли государственные образовательные гранты.

GRANTS WERE ALLOCATED FOR DEMANDED SPECIALTIES

Aktobe region lacks personnel in the field of library, water management, agriculture, veterinary medicine, forestry, construction, religion, and there is also a shortage of teachers, in particular, Russian language, mathematics, chemistry and physics. Taking into account the current situation, the regional akimat allocated 60 grants to applicants this year. At a meeting of the commission for the distribution of grants for the 2020-2021 academic year, chaired by the regional akim Oңdasyн Orazalin their applicants were determined. At the expense of the local budget, graduates will have to travel to places where there is a shortage of personnel in the region and work under a contract for at least 3 years. 60 applicants were selected from 92 candidates. The distribution was focused on the results of the UNT, that is, the level of education. It is worth noting that this year 53,000 applicants across the country have won state educational grants.

Жаңа оқу жылының

☑ New academic year

XXI ғасыр – білекке емес, білімге сенетіндердің заманы. Білім қай заманда да аса қажет дүние болса, бүгінгі заман толқыны білімсіздерді қайраңға шығарып тастары анық. Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында білім беру сапасын жақсарту мен ғылым саласындағы ахуалға ерекше назар аударып, «Біз ғылымсыз еліміздің дамуын қамтамасыз ете алмаймыз», - деді. Осы орайда елімізде қабылданған «Білім беру мен ғылымды дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» негізінде еліміздің ең үздік жоғары оқу орнының бірі, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті білім беру процесін IT технологиялармен байытып, заманауи талаптарға жауап беретін материалдық-техникалық базасын одан әрі нығайтуда. Жаңа 2020-2021 оқу жылы басында университет ректоры, филология ғылымдарының докторы, профессор Бауыржан Амангелдіұлы Ердембековпен ЖОО өміріндегі кейінгі жаңалықтар мен алдағы жоспарлар жайлы сұқбат құрған едік.



Бауыржан Ердембеков,
Қ.Жұбанов атындағы
Ақтөбе өңірлік
университетінің ректоры,
филология
ғылымдарының
докторы, профессор

— Бауыржан Амангелдіұлы, Жаңа оқу жылы құтты болсын! Әлемді шарпыған пандемия білім беру саласына оңай тиген жоқ. Әсіресе күрделі кезеңнің басында. Тығырықтан қалай шықтыңыздар?

— Әлемді жайлаған індетке байланысты жарияланған пандемия жағдайында жарты жыл өмір сүріп, қызмет жасап жатырмыз. Осы уақыт аралығында мемлекетіміз азаматтардың амандығына, ұлт қауіпсіздігіне кепілдік болатынын дәлелдеді. Пандемия басталғанда барлық қимыл-қарекет, істеріміз бен жопарларымызға өзгерту енгізуге, тіпті кейбірін толық қайта қарауға мәжбүр болдық. Дегенмен оңтайлы, ұтымды тұстардың болғанын да айта аламыз. Соның ең бастысы қашықтан оқып, қашықтан қызмет атқаруға бейімделгеніміз. Бұл бағыттағы процестер біздің оқу орнымызда осыдан екі жыл бұрын бастау алды. Жақын болашақта Smart University қатарына қосылу бойынша шаруалар пандемияға дейін де жүзеге асқан-ды. Сондықтан қашықтан оқу талабы қойылғанда бірден бел шешіп, кірісіп кеттік. Көктемгі оқу семестрі табысты аяқталды. 3 мыңнан астам түлегімізге диплом бердік, оның 90 пайызы өз мамандығы бой-

ынша жұмысқа орналасты, кейбірі білімін жалғастырып, магистратураға, докторантураға түсіп, ғылымға ден қойды. Осының бәрі жыл сайын жаңарып, біліктілігі артып келе жатқан, ауызбірлігі ұйыған ұжымның еңбегі, оларға шексіз алғысымды білдіремін.

— Жаңа оқу жылы ерекше басталды. Оған дайындық та өзгеше болған болар...

— Білім алушылар қатарына тағы 4 мыңнан астам жас қосылды. Талапкерлерден құжат қабылдау науқанының сәтті аяқталуына «Жұбанов керуені» мегажобасының ықпалы зор болды. Өткен оқу жылы бойы өңірдегі барлық аудандарға барып, кәсіби бағдар берген болатынбыз. Мектеп бітірушілермен кездесуде тек біздің университетке оқуға келіңіздер деп жалаң ұрандатқан жоқпыз, олардың қызығушылық танытқан мамандығына қатысты кеңестер бердік. Жоба авторы ретінде өзім де жастарға ең бастысы болашақ кәсібін дұрыс таңдай білуі екенін баса айттым. Аудан орталықтарының үздік мектептерінде кафедра филиалдарын аштық. Тренингтер, шеберлік сабақтарын өткізіп, университет өмірімен таныстыратын танымдық көрме қойдық. Қаладағы мектеп бітірушілерді университетке

шақырып, танысу экскурсияларын өткіздік. Осы қыруар істер нәтижесін берді. Жұбанов университетін таңдаған әр талапкер болашақ мамандығын жинаған білім мөлшеріне, бойындағы потенциалы мен бейіміне қарай қалады. Екі ойлы болып, құманданбады. Талабы анық білім алушымен әрі қарай жұмыс істеу бізге де оңай. «Жұбанов керуені» жобасын алдағы оқу жылы түрлі форматта жалғастыру жоспарда бар.

Тағы бір қуаныштысы, оқуға түскен жастың 1000-нан астамы мемлекеттік грант, 207-і «Аптын белгі», 120-ы үздік аттестат иесі, 300-ге жуығы түрлі Олимпиадалар мен спорттық жарыстардың, шығармашылық конкурстарының жүлдегерлері. Бұл Жұбанов жастары қатарын сапалы жастар толықтырды дегенді көрсетеді. Араларында «Менің таңдауым – Ақтөбе» жобасымен келген шетелдік қандастарымыздың балалары да бар.

— Бәрекелді. Ендеше сапалы жастарға сапалы білім беру лайық қой...

— Әрине жалпы біздің университеттің негізгі ұстанымы – сапалы қызмет. Соның ішінде сапалы білім, әрине, алдыңғы кезекте тұруы орынды. Сапалы білім беру бойынша профессор-оқытушы құрамының біліктілігіне аса мән береміз.

Цифрлық сауаттылықты арттыру мақсатында «Интерактивті электронды курстар дайындау», «Виртуалды зертханаларды пайдалану» сынды біліктілікті арттыру курстары ұйымдастырылып, нәтижесінде 250-ден астам оқытушы сертификатталды.

Осымен үшінші жыл кадр жасарту жолында жұмыс жасап жатырмыз, нәтижесінде биыл да 40 жас маманды қызметке алдық. Олардың бәрінің магистр мен PhD дәрежелері бар.

Бүгінгі күні 70-тен астам бакалавриат, 40 магистратура, 6 докторантура мамандықтары деңгейінде универсианттарды дайындаймыз. Физика, математика мамандықтары бойынша екі диссертациялық кеңес жұмыс жасайды.

Қазіргі жағдайды ескерсек, университеттің ғылыми кітапханасының электронды қорлары, мультимедиялық оқулықтар, оқытушылардың еңбектерінің электрондық нұсқалары қашықтан оқу процесін оңтайландырмақ. Жалпы кітапхана қоры 1 640 473 дана, оның ішінде 656 188 дана әлемдік тегін кітапхана қорлары қолжетімді.

Бүгінгі таңда мемлекетіміз отандық ғылымға тікелей назар аударып отыр. Ғылымға ден қойған студенттер үшін за-

СҮЙІНШІСІ КӨП

манауи құрылғылармен жабдықталған Инновациялық технологиялар паркінде және 30-дан астам оқу және ғылыми зертханаларында радиациялық физика, нанотехнология, химиялық қалдықтарды өңдеу саласында ғана емес, сонымен қатар 3D модельдеу, IT және цифрлық электроника бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Бұл бағытта 30 ғылым докторы, 250-ге жуық ғылым кандидаттары мен PhD докторлары, 100-ге жуық шетелдік ғалымдар мен практик-мамандардан құралған тәжірибелі ғалымдарымыз бен профессор-оқытушыларымыз жұмыс істейді.

— Сәйкесінше материалдық база да жаңартылған болар?

— Толыққанды білім беруде ЖОО-ның материалдық-техникалық базасының сайлығы үлкен мәселе. Бұл ретте барлық аудиториялар мен оқу зертханалары жөндеуден өтіп, қажетті жабдықпен қамтылды. Бір ғана мысал, жаратылыстану факультеті 80 млн.теңге қаржыға лабораториялармен жабдықталды. Өкініштісі, университет ішінің бос тұрғаны. Алайда еш жағдай мәңгілік емес, оқу ғимараттарынан жастардың жарқын үні естіліп тұратын күн де жетер.

Әзірге, күзгі оқу семестрі қашықтан жүреді. Бастапқыда 1 курс студентіне қолайсыз болуы мүмкін. Топтастарымен, эдвайзер-кураторлармен, оқытушымен алғаш online арқылы жүздесу, тілдесу психологиялық тұрғыдан оңай емес. Бірақ, қазіргі заман жасы тез игеріп кетеді деп сенемін. Бір көрсеткіші — ректор брифингінде, факультет декандарымен онлайн жүздесуге қатысқан студенттер санының көптігі.

Қашықтан оқуға мүмкіндігі жоқ 300-дей білім алушы анықталды. Олардың қалаға келіп, Студенттер үйінде жатып оқуына рұқсат берілді, бұл жағдайда санитарлық-эпидемиологиялық шарттардың қатаң сақталуы қадағаланады.

Абай аңсаған «толық адам» қалыптастырып шығаруға барлық күш-жігерімізді саламыз. Ол үшін студенттерден талап

етілетін екі нәрсе бар. Біріншісі — сабағын жақсы оқуы, екіншісі — университеттің ішкі тәртібіне бағынуы. Тәртіп болған жерде тәрбие бар, ал тәрбиелі жас білім алуға құлшынады. Бұл — университеттің білім алушыға қатысты қағидаты. Осы қағидатты орындаған әр білім алушыға университет тарапынан түрлі қолдаулар көрсетіледі. Бюджеттік комиссияға олардың есімдерін ұсынып, оқу ақысына әр түрлі жеңілдіктер, арнайы «Құдайберген Жұбанов атындағы» грант тағайындалады. Биылғы жыл университет үшін мерейлі. Оқу орнының іргесі қаланғанына 85 жыл толды, осыған орай 85 оқу гранты бөлінді. Оны конкурс негізінде 1-курс студенттері арасынан іріктеп, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастарға бердік.

— Өңірлік университетте жыл сайын жаңа нысандар іске қосылып жататын. Ондай мүмкіндіктер азайып қалған жоқ па?

— Керісінше. Жаңа 2020-2021 оқу жылының сүйіншісі көп.

«Тәні саудың жаны сау» екенін төтеннен келген індет айқындады. Дертке иммунитет жүйесі төмен адамдар көп шалдықты. Жаңа оқу жылынан бастап жастардың дене шынықтыру және спортқа деген көзқарасын арттырымыз келеді. Бізде жабық спорт кешені жеткілікті. Енді ашық алаңдар салдық. М.Арын атындағы бас оқу ғимаратындағы Жұбанов жастары аллесаы маңында, Н.Байғанин атындағы оқу ғимаратының, Б.Сүлейменов атындағы оқу ғимаратының территориясында ашық футбол, волейбол, баскетбол алаңдары іске қосылады. Бақтыбай батыр Төлесұлы атындағы зияткерлік ойындарға арналған «Тоғызқұмалақ» кабинеті ашылды, бұл спорт түрлеріне үйрететін жаттықтырушылар дайын. Сондай-ақ, Әлия Молдағұлова, Бөкір Тәжібаев, Елтоқ Ділімұхамедов атындағы атаулы дәрісханалар жабдықталды. Айта кетерлігі, бұл дәрісханалар мен кабинеттердің дені жаны жомарт меценаттардың қаржысына жасалды. «Жұбановқа жомарттық»

жобасының аясында меценаттар кабинеттер мен дәрісханалар жабдықтауға бүгінгі күнге дейін 80 млн. теңгеден астам қаржы бөлді. Университет басшысы ретінде оларға алғыс айтамын.

Бұдан басқа атаулы кабинеттер жабдықтау жалғасады. «Ақтөбе ақтаңгерлері» ұзақ мерзімді жобасы негізінде аймақты дамытуға ерен үлес қосқан жандар есімін ұлықтаудың тағылымдық маңызы жоғары. Білім алушылар атаулы кабинеттерде білім алса белгілі есімдерді жадында сақтайды ғой. Атаулы кабинеттер саны 100-ден асты.

Тағы бір мақтанышымыз — бас оқу ғимараты ауласында былтыр бой көтерген жылыжай. Осы жазда өнімдерін алдық. Бұрын ғимараттар айналасын көгалдандыруға тұқым сатып алушы едік, енді өз қорымыз бар. Қияр, қызанақ, жуа, сарымсақ секілді көкөністер де мол өнім берді. Оны пандемия салдарынан тұрмыстық қиындық шеге бастаған қызметкерлеріміздің отбастарына үлестіреміз. Ендігі кезекте жылыжай көлемін ұлғайтып, оны жаратылыстану факультеті студенттерінің ірі оқу базасына айналдыруды көздеп отырмыз.

— Барша адамзатқа қиындық тудырған осы өтпелі кезеңнен кейінгі уақытқа да көздеген межелеріңіз бар шығар?

— Пандемия аяқталғанда күрделі кезеңде алған тәжірибемізді жалғастыра беретін боламыз. Online лекциялар жүре береді. Бірақ ең сапалысын таңдайтын боламыз. Тіпті сау бәсекелестік орнату ойымызда бар. Бір пән бойынша білім алушыға бірнеше лекция нұсқасы ұсынылатын болады, сәйкесінше басқа университеттердің үздік лекторларының жұмысы сатып алынбақшы.

Педагогикалық білім бағдарламаларына назар аударуды күшейтеміз. Бұл еліміздегі бүгінгі саясатқа лайық. Сондықтан дуалды оқу жүйесін жандандырып, болашақ педагогтың өндіріс орнында, яғни мектептерде көп болуына, сондағы шебер мұғалімдерден мол тәжірибе алуына мүмкіндік

береміз. Негізінде дуалды оқу жүйесін дамытуда жұмыстар үнемі жүріп жатыр. Бұл ретте Назарбаев зияткерлік мектебімен іскерлік қатынасымыз тығыз. Сондай-ақ экономикалық, заңгерлік, техникалық мамандыққа оқушыларға практик-мамандар өндіріс орындарына шақырып, лекция оқып, тәжірибе көрсетеді.

ҚР БЖФМ «Педагогикалық қайта даярлау» ережесіне сәйкес «Педагогикалық ғылымдар» даярлау бағыты бойынша педагогикалық білімі жоқ, тиісті бейіні бойынша педагогтың кәсіптік қызметіне алғаш рет кірісетін тыңдаушылар үшін дипломнан кейінгі қайта даярлау, қосымша білім беру бойынша педагогикалық қайта даярлау сертификаттау курстарын 2021 жылдың қаңтар айынан бастаймыз.

Біз Нұр-сұлтан қаласындағы «Елорданың тұрақты даму орталығы» ЖШС-мен өзара келісім аясында серіктестік қатынасымызды жалғастырмақ ниеттеміз. Алғашқы өнім SmartARU мобильді қосымшасы былтыр іске қосылған еді. Ол арқылы түрлі қызмет түрін online жүргізуге болады. Жақында білім алушылар үйінде отырып, қосымша арқылы, жатақханадағы орнына өтініш беріп, талғамына орай таңдау мүмкіндігіне ие болды. Сонымен бірге енді университеттегі түрлі үйірмелер мен жастар клубтарына мүше болуға өтінішті де осы қосымша арқылы бере алады. Аталған серіктесімізбен арадағы екі жақты еңбектің арқасында университеттің өз қашықтан білім беру порталы іске қосылды. Оны әзірге физика-математика факультеті пайдалана алады. Соңынан барлық факультет білім алушылары үшін қолданысқа қосамыз.

Негізгі оқу процесі ZOOM, Meet, jit.si, Google classroom, Microsoft Teams порталдары арқылы жүреді.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті Ұлттық рейтингте еліміздегі 200 ЖОО арасынан алғашқы бесікте, мәртебелі 4-ші орындамыз. Бұл соңғы үш жылда жасаған жүйелі жұмысымыздың оң нәтижесі, бас көрсеткішіміз. Біз әрқашан алға ұмтылу жолынан таймақ емеспіз. Адамзатты алға сүйрейтін білім, ендеше осы игілікті іске үлес қосу — ерекше міндет.

— Сәттілік тілеймін.

Гүлнара Қараша
журналист

Abai — 175

Елімізде жаңа мереке – Абай күні аталып өтті. Ұлы ойшылдың тұлғасы мен мұрасын ұлықтау мақсатында Үкіметтің арнайы қаулысымен 10-тамыз – Абай күні болып мемлекеттік мерекелер күнтізбесіне енгізілді. Осы күні Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толды. Тарихи датаға орай Мәдениет және Спорт министрлігінің ұйымдастыруымен 100-ге жуық іс-шара өтті. Мереке күні Семейдегі «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорығы тікелей эфирге шығып, «Хәкім Абай» атты арнайы әзірленген бағдарламасын көрсетті. Өңірлерде танымал мәдениет және өнер қайраткерлері ақынның шығармаларын online оқыды.

Сондай-ақ, «Абай және ХХІ ғасыр: болашақпен сұхбат» тақырыбында халықаралық online конференция өтті. Оған танымал ғалымдар мен абайтанушылар қатысты.

Бұдан басқа, Абай қорық музейі мен «Абай-Шәкәрім» кесенесіне online экскурсия жасалды. Мереке барысында Абайдың қазақтың ғана емес, бүкіл адамзаттың ақыны ретінде оның шығармалары әлемнің 8 тілінде оқылып-шырқалған «Abai world challenge» видеомарафоны өткізілді. Оған ғалым-зерттеушілер, аудармашы, жазушы, зиялы қауым өкілдері қатысты.

Қазақтың ұлы ақыны, ұлттық жазба әдебиетінің және әдеби тілінің негізін салушы, ағартушы, философ Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толу мерекесіне орай Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде «Абай күні – еліміздің ынтымағының белгісі» тақырыбымен online дөңгелек үстел өтті. Оған қатысқан профессорлық-оқытушылық құрамы және білім алушылар дөңгелек үстелде жасалған тың баяндамаларды тыңдап, рухани қазынасын толтырды. Алғашқы сөзді университет ректоры, көрнекті абайтанушы ғалым, профессор **Бауыржан Ердембеков** алды.

— Абай күнінің жеке мереке ретінде белгіленуі руханиятымызға тағы бір мәрте жақындауымыздың себепшісі ретінде бағалауға болады. Абай — ұлттың ұстазы деп жүрміз ғой, бірақ Абай бұл бағадан жоғары тұр. Ол бүкіл адамзаттың ұстазы дер едім. Себебі, ақынның

*Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және хақ жолы осы деп әділетті,* —

деген жыр жолдарын ұғынған адам жұдырықтай жүрекке күллі адамзатқа деген кең пейілді сыйғыза алуға болатынын, бұл ақынның тек қазаққа ғана емес, жер бетінде өмір сүретін әр парасат иесіне арнаған шақыруындай әсер етеді. Мен бір ұсыныс айтқым келеді. Абай күнін тек оның шығармаларына арнамай, қазақ руханиятының, қаймағы қою қара сөзіміздің, тарихы күре тамырлы қазақ әдебиетінің күніне айналдырса. Ол үшін,



әріне, мерекенің лайықты концепциясы жасалуы қажет. Абайдың ғұмырдегі Семей өңірімен байланысты. Бұл көпшілікке аян дерек. Бірақ Абайдың қазақ халқына ортақ ірі тарихи тұлға екенін ескере отырып, ақынның арғы аталары Ырғызбай мен Кеңірбайдың еліміздің батысында, яғни осы жерде дүниеге келгенін екінші бірі біле бермеуі мүмкін. Зерттеушілер осы жағына да назар аударулары керек. Сондай-ақ, атақты Досжан хазірет пен Абайдың әкесі Құнанбайдың достығы жөніндегі деректер де жаңаша бір қырынан толықтырыла түссе деп ойлаймын. Былтыр «Жұбановтан – Абайға» атты ғылыми-танымдық экспедиция ұйымдастырдық. Оның аясы мен шеңбері Ақтөбе, Нұр-Сұлтан, Павлодар, Баянауыл, Семей, Жидебай, Қарқаралы және Қарағанды аралығын қамтыды. Осы бастамамызды алдағы күнде аймақтың рухани түлеуіне бел шешпей тер төгіп жүрген жандардан құралатын «Ақтөбеден – Абайға» атты кең ауқымды экспедицияға ұластыруды ойластырып отырмыз. Қазір Абайдың әдеби хатшысы Бікеұлы Мүрсейт (Нұрсейіт) қолжазбасы зерттеліп жатыр. Абайдың бірнеше хатшылары болған, ақынның өлеңдерін солар жазып алып отырған. Абайдың қолтаңбасы бір ғана құжатта, Сенатқа жазған хатында ғана сақталған. Шығармалары 1905, 1907, 1912 жылдары жинақ болып шыққан. Сол жинақтың 1905 жылғы шыққаны факсимиле түрінде біз-

ге беріледі, зерттеу аяқталғасын кітап шығарамыз. Осы жинақтың ішінде Ыбырай Алтынсариннің бір шумақ өлеңі жүр. Демек оның творчествосымен Абай таныс болған. Шыңғыстауға дейін жеткен Ыбырай шығармасын Абай жатқа айтқанында оның өлеңі ретінде қолжазбаға еніп кетуі мүмкін. Екі тұлға арасындағы бұл байланыс айтылуы керек», — деп сөзін қорытындылады Бауыржан Амангелдіұлы. Келесі сөз алған салтанатты жиын модераторы, университеттің «Абайтану және ұлттық руханият» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі, профессор **Абат Пангереев** ақынның мерейтойына байланысты шаралардың былтыр басталғанын айта отыра, «Абай ұлағаты» хаһында кеңінен толғанды.

— Халқымыз ақындарды ерекше құрметтеген. Жазу-сызу болмаған дәуірде олардың өлеңдерін жаттап алып, ауыздан-ауызға таратқан. Өлең-сөзге деген осындай құмарлық халықтың шығармашылық өнерінің дамуына да негіз болған. Жұрт кеу-кеулеп, өлеңдерін жаттап алып, жер-жерге таратып әкетіп жатқаны өз кезегінде ақындарға да тың серпіліс, жаңаша импульстар берген. Қазақта осындай ел қадірлеген ақындар көп. Солардың ішінде Абай дараланып көрінеді. Себебі ол ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің арасына салынған алтын көпір еді. Абайдың дара болатын себебі алдымен оның терең ойшылдығында. Заманның жай-күйін, қоғамдық



өмірдің жағдайларын жақсы біліп, ой қорытындыларын жасай білуінде. Дүниенің төрт бұрышының сырын саралап, батыс пен шығыс өнерін меңгеруінде, ең бастысы, осының бәрін жіпке тізгендей, маржандай етіп, өлең сөзге түсіру шеберлігінде. Абай өлеңдерінің қаншама уақыт өтсе де мәні өзгермейтіні осында. Республиканың оқу орындары енді Абай ілімі арқылы жастарды тәрбиелеуді жолға қойып отыр. Әсіресе, Абайдың 175 жылдығы қарсаңында осындай шаралар жақсы жолға қойылды. Біздің университет те Абайдың тойына қызу кірісті. Бір кезде марқұм, абайтанушы Мұхтар Арын ашып кеткен Абай кабинеті бүгінде жаңаша жасақталып, абайтану бойынша ғылыми-зерттеу орталығына айналды. «Жұбановтан-Абайға» ғылыми-танымдық экспедиция ұйымдастырылғаны туралы ректор айтып кетті. Құрамында болған 7 адам Жұбановтың Абайға сәлемін еліне апардық. Шәкәрім атындағы Семей университетімен конференция өткіздік, Абайдың жүрген жерлеріне, басқан іздеріне куә орындарды бейнетаспаға түсіріп қайттық. Сонымен қатар биыл, мамыр айының 29-да университеттің ұйымдастыруымен «Абай және ұлттық руханият» атты халықаралық online конференция өтті. Жастарға Абайды таныту мақсатында, 15-наурыздан бастап 15-мамырға дейін «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» тақырыбында Абай өлеңдері мен поэмаларын оқу-

дан республикалық инста-байқау өткізілді.

Бүгінгі мереке, бүгінгі қуаныш әрине айырықша. Көңіліміз шаттанып, рухымыз көтеріліп отыр. Абай айтса айтқандай, дана тұлға, қайталанбас бейне. Абайдың шығармашылық өнері, озық танымы, өлмейтін, өшпейтін сөздері бізге зор мүмкіншіліктер ашып отыр. Абай шығармалары несімен құнды, өміршең? Қазір XXI-ғасыр, Абай өлеңдері жаңа ғасырға қалай аяқ баспақ деген сан сұрақтар туындауы орынды. Рас, өмір өтеді, заман алға жылжиды, бірақ өткен тарихты білмей өркениетке барар жол жоқ. Өткеннің бәрі – тәжірибе. Ал тәжірибе бұл – алға жылжу, даму. Абай да өлеңдерін жазғанда халықтың тұрмыс тәжірибесінен алып, өз заманының сүреңімен салыстырып, шығыс пен батыстың идеяларымен теңестіріп ой қорытындыларын жасаған. Өлеңдерінде де, қара сөздерінде де Абай адам өмірінің мәнін, рухани болмысы мен адамгершілік мұраттарын басты қағидат етіп ұстанған. Абайдың шығармаларында көтерген әлеумет өмірінің тақырыптары сан алуан, ол тақырыптар қай уақытта да, қай дәуірде де актуалды. Өмір бар жерде өмір иесі адам, адам бар жерде бұл проблемалар бола береді, күн тәртібінен түспейді. Абай осы өмірлік проблемаларын ой елегінен, жүрегінен өткізіп, терең философиялық зердесі арқылы сараптаған. Басқа халықтардың тәжірибесімен салыстырған. Әбден көзін жеткізіп, орнын ор-

нықтырып, содан соң ұлттық уызға суғарылған, өзіне ғана тән нәзік тілмен байыпты баяндап берген, біздер үшін. Осы түрімен, осы қалпымен Абайдың танымы жаңа ғасырға аяқ басты. Біздің адами капитал деп жүргенімізді Абай өз ғасырында айтып, түсіндіріп кеткен. Оның «Адам өзін-өзі тануы керек» деген сөзі әлі өзекті. Себебі, дүниеде не істелсе де адам игілігі үшін істеледі. Ғылым да, өнер де, өндіріс те адам үшін қызмет етеді. Ол үшін, әрине, адамды тану қажет. Ал адамды тану өзіңді танудан басталатыны ақиқат. Абай ілімі осы өзін-өзі танудан басталып, одан әрі адамзатты, адамзат ғұмыр кешіп отырған табиғаты, бүкіл ғаламды танумен жалғасады. Абай шығармалары осынысымен бүгін де құнды. Академик Сейіт Қасқабасов Абайды «ұлттық ренессанстың бастаушысы» деп жазған. Осы уақытқа дейін еуропацентристік тұрғыдан түсіндіріліп келгенін, дұрысында ол Батыс Еуропада емес, Шығыста да бар. Жалпы әр елдің өз ренессансы барын айтып, күллі әлемдегі ренессанстың басты заңдылығы —бұрынғы мәдениетті жаңғырту ғана емес, ең басты қасиет – адамға көңіл бөлу, адамды дәріптеу, адамды барлық нәрсенің қожасы деп түсіну деді. Адам – қоғамның қозғаушы күші, оның құдіреті білімі мен білігінде, жүрек жылуы, жан тазалығында деген ой Абайды Алланы тануға алып келді.

(Басы. Соңы 10-11 беттерде)

☑ Abai — 175

Абай күні

Абайдың сөзі, ісі, сол замандағы тіршілік қарекеті, бәрі де ұлағатқа толы. Қажым Жұмалиев былай деген екен «Абай өз дәуірінің әр алуан жағын суреттеген ренессанс ақын, Абай өмірге құлашын кең жайып, әлеумет тұрмысының әр саласына үңіле қарап, көп мәселелерді, өлеңнің тақырыбы, айтайын деген ойының өзегі етті. Толып жатқан тақырыпты жыр қылды. Ақын ең алдымен өз дәуіріндегі және өзінен бұрынғы мәдениетсіздікті, жалқаулықты, ру тартысын, пәлекорлық сияқты оңбағандықтарды көрді. Қазақ халқының дамуы үшін, оның басқа ел қатарына жетуі үшін бұл әдеттердің бәрі кедергі болатынын ұғып, қарсы шықты. Ақын өзінің әлеумет өміріне арнаған «Сегіз аяқ» деген өлеңінде қазақ өміріне байланысты мәселелердің әрқайсысына ерекше тоқталып, аталық сөз айтады дейді

Бұл – орынды пікір.

Абай айтқан сол кезде орын алған келеңсіздіктер, әлеумет, адамның бойындағы міндер, кесілі мінездер түзелді ме, қазір бар ма десек, ия, түзелді, қазір ондай олқылықтар жоқ деп ешкім айта алмас. Өкінішке орай ол міндер әлі бар. Бізде, біздің қоғамда. Оларды болдырмау үшін қайта айналып Абайға жүгінуіміз керек. Абай айтқан ұлағатты ойласаң ден қоюымыз керек. Байларға қоя тұрып, Қажым Жұмалиев айтқан «Сегіз аяқ»-қа тоқталсақ, осы «Сегіз аяққа» айтылатын міндер түзелгеннің өзінде адам жамандықтан арылып, кемелдене бастар еді дейміз. Осында айтылатын

Басында ми жоқ,

Өзінде ой жоқ

Күлкішіл кердең наданның.

деп келетін ой ағымы Абайдың 4-ші қара сөзінде де бар. «Әрбір байқаған адам білсе керек: күлкі өзі бір мастық екен» деп басталады бұл сөз. Құр күлкіге салынып, уақытты бос өткізетін адамдар біздің қазіргі қоғамда да жеткілікті. Тіпті сол күлкіге салынуды қоғам өзі қалап отырғандай көрінетіні де бар. Өйткені БАҚ



бетінде, әсіресе телеарналарда танымдық дүние өте аз. Оның есесіне қалжыңбастық материалдар көбейіп бара жатқан сияқты. Осыны Абай да айтқан екен.

Болмасын көкшіл,

Болсайшы көпшіл,

Жан аямай кәсіп қыл.

Орынсыз ыржаң,

Болымсыз қылжаң

Бола ма дәулет, нәсіп бұл?

Осы «Сегіз аяққағы» көңілсіз құлақ, байлаусыз ақын, күпілген мақтан, тасыған өсек, орынсыз күлкінің бәрі кесірлі мінездер. Осыдан арылу керек дейді Абай. Дейді де, былай жалғастырады:

Егіннің ебін,

Сауданың тегін

Үйреніп, ойлап, мал ізде.

Адал бол – бай тап,

Адам бол – мал тап,

Қуансаң қуан сол кезде.

Бірінді қазақ, бірін дос

Көрмесен, істің бәрі бос.

Абай ұлағатының басты қағидаты – осы. Ауызбіршілік және сол арқылы туындайтын адамгершілік.

Абайдың ұлағатты сөздері бізге келіп жетіп отыр. Осыдан біз жаңаша ойға келіп, Абай ілімін әрі қарай жалғастыра берсек құба-құп болады. Абай ұлағаты бізге осыны меңзеп, түсіндіреді деп білемін.

Дөңгелек үстел тақырыбын жалғаған Қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы **Рита Жұмағалиева** Абайдың әкелік сезімдері жайлы толғады.

— «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп», «Адамды сүй, Алланың хикметін сез,

Не қызық бар дүниеде одан басқа?!» ұлтын ұлы гуманизмге үндейтін Абайдың өз бауыр еті балаларына деген ерекше сүйіспеншілігі жанды тебіренетеді. «Адамның бір қызығы бала деген» дей отыра хакім ұрпақ өсіру мен тәрбиелеудің мәңгілік мәнін жоймас мазмұнды қағидаларын ұсына білген. Ойшыл ақынша: «Өмір сүрген кісіге, Дәулет — қызық, бала — бал» немесе «Ата-анаға көз қуаныш, алдына алған еркесі. Көкірегіне көп жұбаныш, гүлденіп ой өлкесі».

Абай — өте мейірімді, жаны жомарт, қамқор, бірақ зор талапшыл әке. Ұлы ақынның өз кіндігінен 10 бала тараған. Ақылбай, Әкімбай, Әбдірахман, Райхан, Құлбадан, кенже баласы Мағауия бәйбішесі Дәлдәдан туса, Тұрағұл, Мекайыл, Ізкәйіл, Кенжені екінші әйелі Әйгерім дүниеге әкелгені белгілі, барлығы 7 ұл, 3 қыз. Осылардың ішінде болашағынан зор үміт күткен балалары — Әбдірахман, Мағауия, Тұрағұл, Мекайыл еді.

Кемеңгер ойшыл 16 жасында әке атанады, бірақ тұла бойы тұңғышы Ақылбайды әкесі Құнанбай мен оның кіші тоқалы Нұрғаным бауырына басады. Өсе келе тұңғыш ұл үшін ең жайлы, көңілі ауған орын әкесінің қасы болады, оның ақыл-кеңесімен шығыс әдебиетіне ден қойып, кейін сол сарында бірнеше туындыны өмірге әкеледі.

Ұлы ақынның әкелік зор сезімін оятқан оның екінші ұлы Әбдірахман болатын.

«Өбішім» деп еркелеткен екінші перзент жастайынан өзінің ерекше ақылдылығымен әке жүрегіне даңғыл жол салады. Абайтанудың білгірі М.Әуезов «Абайдың туысы мен өмірі» еңбегінде, Абайдың оқу-білімге ауған шағын сөз ете келе: «35 жасында өзі кітап қарастыра бастағанымен қатар, екінші баласы Әбдірахманды Семей қаласында уездік үшкелге оқуға береді. Бұл баласы кейін өндіріп ұзақ оқып кетеді» деп жазады. Әуелі Түменде, кейін Петербургте білім алған Әбдірахманды ақын өлеңдерінде «Бір ғылым еді іңкәрі», «Талаптың мініп тұлпарын» деп сипаттайды. Ортаншы ұлдың болашағынан әке көңілі зор үміт күтеді «Жаңаның басы» еді деп жырлайды. Өкінішке орай төтелеп келген ажал ақынды асыл ұлынан айырады. Жүрегі қарс айырылған жыр пайғамбары жоқтау жырларын «сабыр қылсақ керек-ті» деген терең толғаммен тәмәмдайды. Көп ұзамай сырқат ағасының жанында болған жас ақын Мағауия да о дүниелік болған сәтте ұлы хакім қос қанаты қайырылғандай күй кешеді. Мағаштың мүрдесін ат арбаға ұзалып жер қойнына тапсыруға бара жатқан сәтте Абай атамыз алға түсіп, жолдағы тастарды қолмен жинап, жиекке лақтырып жүр екен дейді: «Бұл қайткеніңіз?» дегенге: «Мағашымның сүйегі ауырып қалмасын» деп жауап беріпті. Туған перзенттеріне жыр толған жүрегінің қақ төрінен орын берген ойшыл дана да көп ұзамай мына жалғанмен қоштасқан екен.

Ұлы ақынды тануға ұмтылудың бір қадамы оның әкелік сезімін түйсінуден туады деп айтсақ еш қателеспейміз, себебі тұтас адамзатты сүю ата-анаға деген шексіз құрметтен, бауыр еті балаға деген мөлдір махаббаттан бастау алады», — деді жас әдебиеттанушы.

Ал университеттің Ғылым және инновация жөніндегі проректоры **Рахым Бекназаров** өзінің қазақ ұлтының есімдеріне байланысты 10 жыл-

дан астам жүргізіп келе жатқан зерттеуінің ішіндегі «Қазақтың Зере есімі: тарихи-этнографиялық зерттеулер» тақырыбына байланысты ойларымен бөлісті.

— Зере Өскенбай бидің бәйбішесі, Құнанбай қажының анасы, Абайдың ұлы шешесі. Зеренің азан шақырып қойған аты — Тоқбала. Абайтанушы Бауыржан Ердембековтің жазуынша Зере Шығыс Қазақстанда туған, Жарма ауданын мекендейтін Найман, одан Матай руы, одан Көйкел тармағынан шыққан. Қойкелден Бектемір, Бектемірден Жанәлі деген ұл, Тоқбала деген қыз туады. 88 жас өмір сүріп қайтыс болады. Зере есімі қайдан туған деген сұрақ төңірегінде мен 4 вариантқа тоқталып отырым. Бірінші: Егер зеренің сөзінің этимологиясын зерттей бастасақ ол сөз парсы тілінен шыққан. Алтын деген ұғымды білдіреді. Одан зергер деген сөз шығады, зергерлік бұйымдар шебері. Кейбір деректерде этимологиясы зер — алтын қыз деген мағынаны береді деп келтіреді. Бұл әлі терминнің мәні тереңде жатқанын білдіреді. Келесі вариант бой-



ынша. Қазақстанның батысы мен шығысының, Монғолия, Қытай қазақтары ертеректе сәндік үшін мұрынға таққан сырғаны зер деген. Бұрын кейбір жерде мұрынға зер тағатын, қытай балалары зер салатын, той-томалаққа барған кезде қыз-келіншектер әсемдік үшін мұрнына зер салып барады деген әңгімелер бар. Қазақ этнографиялық категориялар мен ұғымдар дәстүрлі жүйесінде «Зере мұрынға тағатын сырға, оны сирек, әсемдік үшін қолданған» деп көрсетілген. Кейбір оңтүстік аймақтарда оны арабек деп атаған. Менің түйгенім, зер — бұл жүзік сияқты дөңгелек сырға. Осыдан 5 жылдай бұрын Орынбор архивінде отырып, қазақтар киіз үйден бастап майда заттарға дейін сыйға беретін болғанын «Дело о поставке в музей Императорского Казан-

ского университета одежды, военных и музыкальных инструментов, моделей жилищ, бытовых предметов башкир и киргиз (16 авг. 1857 г. — 31 янв. 1860 г.)» деген құжаттан оқып, зерттегенмін. Онда зергерлік бұйымдар бөлімі бар. Барлық сыйға беретін заттар мен бұйымдардың бағасына дейін көрсетілген екен. Сонда «..кольцо зере — для носового хряща стоимостью от 50 копеек до 1 рубля серебром» деп жазылған. Бұл ұлттық әшекей ретінде зер деген бұйымның болғанын дәлелдейді. Осы құжатта зер бұйымының қолданыстан жоғалуына да тоқталған. Негізі мұрынға тағатын сырға деген ұғымды санамыз үнді халқының зергерлік бұйымы ретінде немесе заманауи пирсинг сияқты қабылдайды. Сөйтсек мұрынға сырға тағу қазақта болған екен. Тарихқа үңілсек еуропалықтар мұрындарына сырға тақпаған, ол азиялықтардың, африкалықтардың, шығыс азиялықтардың, үнділердің, америкалық үнділердің сүйікті әшекейі болған.

Бір қызығы, қазақ әйелдері сырғаны мұрын арасындағы шөміршектен өткізіп таққан.

Бұл әдет-ғұрыптарды дәлелдейтін визуалды деректерді қарындашпен салынған суреттерден таптық. М.А.Зичи және А. де Барбиш деген суретшілердің қыл қаламынан шыққан бірнеше суреттерде зерде таққан қазақ әйелдері бейнеленген.

Зерені кейбір зерттеушілер қалыңдықтың басына киетін сәукеленің түрі ретінде қарастырады. Бұл бас киім алтын тастармен көмкерілген, екі тұсынан жақтамасы болады. Профессор Б.Ердембеков зерге қатысты өз ғылыми тұжырымында «...ертеректе бір қабат киім сыртынан киетін сауыт та «зер» деп аталыпты» дейді.

Қорыта келгенде Зере есімі Абайдың әжесіне егде тарта бастаған шақта берілген құрмет деп жүрексіңбей айтуға болатын тәрізді. Өйткені ол бәйбіше кезінде тек Құнанбай әулетін ғана емес, бүкіл рулы елдің ынтымағын ұйытқан, өте ақылды, байсалды, зерделі, жүрегі ізгі жан болған. Немересі Абайдың қазақтың ұлы перзентіне айналуында Зере бәйбішенің үлесі зор», — деді тарихшы ғалым.

Дайындаған

Гүлнара Дауылбайқызы



☑ Басты жаңалықтар

☑ Главные новости

☑ Main news

«NUR OTAN» ПАРТИЯСЫ ПРАЙМЕРИЗ ӨТКІЗЕДІ

Биыл «Nur Otan» партиясы алғаш рет праймериз өткізеді. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қаулысымен бұл шара 2020 жылдың 17-тамызы мен 3-қазан аралығында жүзеге асады.

Праймериз терминінің қазақ тіліндегі тура мағынасы «іріктеу», кейде «алдын ала сайлау» немесе «алдын ала дауыс беру» деп те атайды. Мұндай партиялық ішкі сайлау АҚШ-та тұңғыш 1842 жылы өтіпті. Ұғым заңды түрде 1901 жылы Флорида штатында праймериз өткеннен соң қабылданған. Әрі Еуропаға тарапты. Енді біздің елде де осы тәжірибе қолға алынды. «Нұр Отанның» праймериз өткізудегі мақсаты — жақтастарының арасында алдын ала партия-шілік сайлау өткізу арқылы ел қалаулары қатарын адуыны мықты, белсенді, беделді, көшбасшылық қабілеті жоғары адамдармен толықтыру. Партия-шілік іріктеу жаңа қоғамдық пікір иелерін бәсекелестік негізде анықтауға мүмкіндік береді деп күтілуде. Жауапты шараға байланысты партияның Ақтөбе облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ербол Данағұлов арнайы брифинг берді. Ол праймеризге қатысуға тілек берушілердің қатарында ерекше қажеттілі бар азаматтардың да бар екенін айтты. «Осы саяси науқанды өткізу үшін Ақтөбе облысы филиалының қадамдық жоспары әзірленді. Ол 5 негізгі кезеңнен тұратын іс-шараларды қамтиды. Осы қадамдық жоспар бойынша 28-тамызда кандидаттарды тіркеу аяқталған соң, облыста 25 жерде жария дебат ұйымдастырылады. Ол 3 деңгейде: үгіт-насихат барысында, партияның аудандық, қалалық және облыстық филиалдарының конференциясында өтеді. Барлық кандидаттар түгелімен дебаттарға қатысуы қажет», - деді Е.Данағұлов. 1-3 қазан аралығында облыстағы 33 мыңнан астам партия мүшесінің дауыс беруі үшін 136 дауыс беру учаскелері белгіленді. Интернет байланысына қосылмаған 42 участка дәстүрлі бюллетеньмен дауыс беру, 94 участка онлайн дауыс беру жоспарланып отыр.



Партия-шілік таңдауға Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің бас ғылыми хатшысы Балтымова Мира Рашидқызы қатысатыны жайында өзінің Facebook парақшасында жариялады. «Ширек ғасырға жуық білім беру және ғылым саласында қызмет етіп жүрген ұстаз-ғалым ретінде праймеризге қатысуға шешім қабылдадым. Жаһандану дәуірінде қоғамымызда елеулі өзгерістер жасау үшін ұстаздар мен ғалымдар атсалысуы керек. Көп балалы отбасы ретінде бала тәрбиесіндегі күрмеулі мәселелерді шешу, жастардың бойында ұлттық құндылықтарға негізделген отансүйгіштік сезімді қалыптастыру, білім беру және ғылым саласын дамыту жолында аянбай, сол арқылы еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосуды өзімнің азаматтық борышым деп санаймын.

Ел тағдырына алаңдаулы азаматтарға мүмкіндік беретін іріктеуге қатысушыларға сәттілік тілеймін! Сіздерден қолдау күтемін!», - делінген кандидат жазбасында.

ПАРТИЯ «NUR OTAN» ПРОВОДИТ ПРАЙМЕРИЗ

В этом году партия «Нур Отан» впервые проведет праймериз. Согласно указу Елбасы Нұрсұлтан Назарбаева, данное мероприятие будет проходить с 17 августа по 3 октября 2020 года. Термин праймериз буквально означает «отбор», также в переводах встречаются понятия «досрочные выборы» или «досрочное голосование». Первые такие внутрипартийные

выборы были проведены в США в 1842 году. Эта концепция была официально принята в 1901 году после праймериз во Флориде. Далее распространился по Европе. Теперь такой опыт применяется у нас. Цель «Нур Отан» при праймеризе - пополнить ряды народных избранников страны сильными, активными, авторитетными людьми с высокими лидерскими качествами путем проведения досрочных внутрипартийных выборов среди своих сторонников. Ожидается, что внутрипартийный отбор на конкурсной основе позволит выявить новое общественное мнение. Первый заместитель председателя Актобинского регионального отделения партии Ербол Данагулов провел специальный брифинг в связи с событием. Он сообщил, что среди желающих принять участие в праймериз есть люди с особыми потребностями. «Для этой политической кампании разработан поэтапный план Актобинского регионального отделения. Он состоит из 5 основных этапов. Согласно пошаговому плану, после регистрации кандидатов 28 августа будут организованы общественные дебаты в 25 местах области. Они проводятся на 3-х уровнях: во время предвыборной кампании, на конференциях в районных, городских и областных отделениях партии. В дебатах должны принять участие все кандидаты», - сказал Е.Данагулов. С 1 по 3 октября в области открыто 136 избирательных участков для более чем 33 тысяч партийцев. Планируется голосование традиционными бюллетенями в

42 избирательных участках, не подключенных к Интернету, и онлайн-голосование в 94 избирательных участках. О принятии участия во внутрипартийных выборах сообщила главный научный секретарь Актобинского регионального университета имени Жубанова Балтымова Мира Рашидовна на своей странице в Facebook. «Я решила принять участие в праймериз как педагог-ученый, который почти четверть века работает в сфере образования и науки. В эпоху глобализации преподаватели и ученые должны участвовать в значительных изменениях нашего общества. Я считаю своим гражданским долгом способствовать социально-экономическому развитию страны, решать сложные проблемы воспитания детей, прививать молодежи чувство патриотизма, основанного на национальных ценностях, развивать образование и науку. Желаю удаchi участие и отбора! Надеюсь на вашу поддержку!» - говорится в посте кандидата.

NUR OTAN PARTY HOLDS PRIMARIES

This year, the Nur Otan party will hold primaries for the first time. According to the decree of Elbasy Nursultan Nazarbayev, this event will be held from August 17 to October 3, 2020. The term primaries literally means "selection", also in translations there are the concepts of "early elections" or "early voting". The first such intraparty elections were held in the United States in 1842. This concept was formally adopted in 1901 following the Florida

Басты жаңалықтар

Главные новости

Main news

primaries. Then it spread throughout Europe. Now this experience is being applied in ours. The goal of Nur Otan in the primaries is to replenish the ranks of the country's people's representatives with strong, active, authoritative people with high leadership qualities by holding early intra-party elections among its supporters. It is expected that competitive selection within the party will reveal new public opinion. First Deputy Chairman of the Aktobe regional branch of the party, Erbol Danagulov, held a special briefing in connection with the event. He said that there are people with special needs among those wishing to take part in the primaries. "A phased plan of the Aktobe regional department has been developed for this political campaign. It consists of 5 main stages. According to a step-by-step plan, after the registration of candidates on August 28, public debates will be organized in 25 locations in the region. They are held at 3 levels: during the election campaign, at conferences in district, city and regional branches of the party. All candidates must take part in the debate," said E. Danagulov. From October 1 to October 3, 136 polling stations were opened in the region for more than 33 thousand party members. It is planned to vote using traditional ballots at 42 polling stations not connected to the Internet, and online voting at 94 polling stations. The chief scientific secretary of the Aktobe Regional University named after Zhubanov, Mira Rashidovna Baltymova, announced her participation in the intra-party elections on her Facebook page: "I decided to take part in the primaries as a teacher-scientist who has been working in the field of education and science for almost a quarter of a century. In an era of globalization, educators and scientists must participate in significant changes in our society. I consider it my civic duty to contribute to the socio-economic development of the country, to solve the difficult problems of raising children, to instill in young people a sense of patriotism based on national values, to develop education and science. I wish good luck to the selection participants! I hope for your support!"

ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ ИЛОН МАСКТЫҢ ЖОБАСЫНА ҚАТЫСУШЫ

Әлемге әйгілі капиталист және өнертапқыш Илон Масктың 2012 жылдан бері Hyperloop (ағылш.-»гиперілімек») ұсынған вакуумды пойызының жобасын жетілдіру бойынша конкурсқа қазақ қызы Жанна Ықылас қатысуда. Ақтау қаласында экономикалық лицейді бітірген ол Франциядағы қос диплом беретін Ницца-София Антиполис университетінің (University of Nice-Sophia Antipolis) бизнес және инженерия факультетіне оқуға түседі. Бағдарлама ережесіне сай үш жылдан соң АҚШ-тың Флорида университетін таңдайды. Hyperloop концепциясы бойынша оның прототипін құрастыру мақ-



сатында Илон Маск негізін қалаған SpaceX компаниясы студенттік командалар арасында жыл сайын байқау ұйымдастырады. Аталған байқау туралы Жанна факультет ұйымдастырған студенттік ұйымдар көрмесінде біледі. Осылайша болашақ мамандығын практикалық жағынан жетілдіруге талпынған қыз конкурсқа қатысу мүмкіндігін иеленген Gatorloop командасы құрамына кіреді.

Беделді конкурсқа америкалық командалардан өзге елдерден де қатысушылар бар. Олар SpaceX инженерлері құрастырған тоннельдің ішінде әзірленген капсулаларын тексерістен өткізеді. Пандемия жағдайына байланысты уақыты 2021-жылға шегеріліпті. Университетті үш тоқсаннан кейін аяқтайтын инженер қыз конкурсқа қатысуға үлгеретініне үмітті. Себебі, конкурсқа тек студенттер қатысуға құқылы. Оның үстіне 14 жасынан Илон Масктың есіміне қанық Жанна оны жүзбе-жүз көруді армандайды. Жылдағы конкурс шымылдығын ашатын әйгілі кәсіпкер ер қатысушы командамен жақын келіп танысуды екен. Әзірше конкурсқа қызу дайындалып жатқан команда құрамында 30 студент жұмыс істейді. Ішінде жалғыз қыз - отандасымыз, 20 жасар Жанна Ықылас.

СТУДЕНТКА ИЗ КАЗАХСТАНА УЧАСТВУЕТ В ПРОЕКТЕ ИЛОН МАСКА

Казахстанская студентка Жанна Ықылас принимает участие в конкурсе на усовершенствование конструкции вакуумного поезда Hyperloop, предложенного всемирно известным капиталистом и изобретателем Илоном Маском в 2012 году. После окончания экономического лицея в Актау, девушка поступила на факультет бизнеса и инженерии университета с двухдипломным образованием Ниц-

ца-София-Антиполис (University of Nice-Sophia Antipolis) во Франции. По правилам программы через три года она выбрала Университет Флориды в США. SpaceX, основанная Илоном Маском для создания прототипа концепции Hyperloop, ежегодно проводит соревнования среди студенческих команд. Об этом конкурсе Жанна узнала на организованной факультетом выставке студенческих секций. Девушка вступила в команду Gatorloop, которая имеет возможность участвовать в конкурсе. Помимо американских команд, в престижном соревновании принимают участие резиденты из других стран. Конкурсанты тестируют разработанные капсулы внутри специального туннеля SpaceX. Из-за пандемии срок перенесли на 2021 год. Жанна, которая оканчивает университет через три семестра, надеется успеть поучаствовать в этом событии, потому что только студенты имеют право участвовать в конкурсе. Кроме того, Жанна, которая с 14 лет интересуется изобретениями Илона Маска, мечтает увидеть его лично. Ведь известный бизнесмен, открывающий ежегодный конкурс, знакомится с каждой командой-участницей. На данный момент в команде работает 30 студентов, которые активно готовятся к соревнованиям. Единственная девушка - наша соотечественница, 20-летняя Жанна Ықылас.

A STUDENT FROM KAZAKHSTAN PARTICIPATES IN THE ILON MASK PROJECT

Zhanna Ykylas, a Kazakhstani student, is taking part in a competition to improve the design of the Hyperloop vacuum train proposed by world renowned capitalist and inventor Elon Musk in 2012. After graduating from the economic lyceum in Aktau, the girl entered the Faculty of Business and Engineering of the University with a double-degree education at Nice-Sophia Antipolis in France. According to the rules of the program, after three years she chose the University of Florida in the USA. Founded by Elon Musk to prototype the Hyperloop concept, SpaceX hosts an annual competition among student teams. Zhanna learned about this competition at an exhibition of student sections organized by the faculty. The girl joined the Gatorloop team, which has the opportunity to participate in the competition. In addition to American teams, residents from other countries take part in the prestigious competition. Contestants are testing the developed capsules inside a special SpaceX tunnel. Due to the pandemic, the deadline was postponed to 2021. Zhanna, who graduates from university in three semesters, hopes to have time to participate in this event, because only students are eligible to participate in the competition. In addition, Jeanne, who has been interested in Elon Musk's inventions since the age of 14, dreams of seeing him in person. After all, a well-known businessman who opens the annual competition gets acquainted with each participating team. At the moment, the team employs 30 students who are actively preparing for the competition. The only girl is our compatriot, 20-year-old Zhanna Ykylas.

Басты жаңалықтар

Главные новости

Main news



МИНИСТР АСХАТ АЙМАҒАМБЕТОВ ЕЛІМІЗДІҢ БАРЛЫҚ ҰСТАЗДАРЫНА ХАТ ЖОЛДАДЫ

ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтің хатын еліміздің барлық ұстаздары электронды пошталары арқылы алды. Министрден хат алған қарапайым ұстаздар қатты толқынысты бастан кешіріп, алдағы жаңа оқу жылына ерекше шабыт пен күш-жігер алғандарын айтып әлеуметтік желіде жарыса жазып жатты.

Асхат Аймағамбетов хатында ұстаздарға пандемия жағдайындағы баға жет-

пес еңбегі үшін, жанкешті жұмыс атқарып, балаларға тіреу болғандарына алғысын айтқан. Өлі де коронавирус пандемиясы жағдайында сүрінбей өтуге тиіс сынақтар барын, егер бірлік нығайса оны да жеңуге болатынына сенім білдірген. Ауыр індеттен көз жұмған әріптестерінің рухына тағзым ете отырып, отбастарына көңіл айтқан. «Сіз – нағыз батырсыз. Сіздің қуатты қолдауыңызды сезініп отырмын. Сол себепті де ертең балаларымыздың білімін жетілдіру жолында еш кедергі болмайтынына сенемін» деген министр әр мұғалімге арнауында.

МИНИСТР АСХАТ АЙМАҒАМБЕТОВ НАПРАВИЛ ПИСЬМО УЧИТЕЛЯМ СТРАНЫ


Все учителя страны получили письмо от министра образования и науки Республики Казахстан Асхата Аймагамбетова по электронной почте. Учителя, прочитав письмо министра, поделились в социальных сетях, что получили особое вдохновение и энергию перед предстоящим новым учебным годом.

В своем письме Асхат Аймагамбетов поблагодарил учителей за их неоценимый труд в условиях пандемии, за их самоотверженность и поддержку детей. Он выразил уверенность в том, что в условиях пандемии коронавируса, педаго-

ги укрепят единство и преодолеют все проблемы. Он выразил соболезнования семьям своих коллег, погибших в результате эпидемии. «Вы настоящий герой. Я чувствую вашу сильную поддержку. Поэтому я надеюсь, что завтра не будет препятствий на пути улучшения образования наших детей» обратился министр каждому адресату.

MINISTER ASKHAT AIMAGAMBETOV SENT A LETTER TO ALL TEACHERS OF THE COUNTRY

All teachers in the country received a letter from the Minister of Education and Science of the Republic of Kazakhstan Askhat Aimagambetov by e-mail. After reading the letter from the minister, ordinary teachers shared on social networks that they received special inspiration and energy for the upcoming new school year. In his letter, Askhat Aimagambetov thanked the teachers for their invaluable work in the context of the pandemic, for their selfless work and support for children. He expressed his condolences to the families of his colleagues who died as a result of the epidemic. "You are a real hero. I feel your strong support. Therefore, I hope that tomorrow there will be no obstacles to improving the education of our children," the minister said to each addressee.



СТУДЕНТТЕР ЖАТАҚХАНАДАН ONLINE АРҚЫЛЫ БӨЛМЕ ТАҢДАЙ АЛАДЫ

Zhubanov University бірінші курс студенттері күзгі семестрді қашықтан оқығанмен жатақханадағы бөлмесін SmartARU мобильді қосымшасы арқылы таңдай алады. Бұл қарекет оқуға құжат тапсырылғаннан соң жүзеге асады. Бөлме таңдау процедурасы 5 минут ішінде аяқталады. Студентке қалауы бекітілгені туралы ақпарат пен жатақханаға өту электронды қағазы push-хабарландырумен келеді.

SmartARU мобильді қосымшасының жаңа қызметтері ішінде жастар ұйымдарына тіркелу де бар. Университеттегі дебаттық, мәдени, волонтерлық бағыттағы түрлі 15 жастар ұйымдары жұмысына қатысу үшін енді студентке online-өтініш жіберуге болады.

СТУДЕНТЫ МОГУТ ВЫБРАТЬ КОМНАТУ В ОБЩЕЖИТИИ ОНЛАЙН

Несмотря на то, что осенний семестр пройдет удаленно, первокурсники университета Жубанова могут выбрать буду-

щую комнату в общежитии через мобильное приложение SmartARU. Услуга доступна после зачисления студента. Сама процедура выбора комнаты занимает 5 минут. Студент информируется о подтверждении запроса и получает электронную справку через push-уведомление. Среди новых услуг мобильного приложения SmartARU - регистрация в молодежных организациях. Для участия в работе 15 различных молодежных организаций университета в сфере дебатов, культуры, волонтерства теперь студент может отправить онлайн-заявку.

STUDENTS CAN CHOOSE A DORM ROOM ONLINE

Despite the fact that the autumn semester will be held remotely, freshmen at Zhubanov University can choose a future dorm room through the SmartARU mobile application. The service is available after student enrollment. The very procedure for choosing a room takes 5 minutes. The student is informed about the confirmation of the request and receives an electronic certificate via push notification. Among the new services of the SmartARU mobile application is registration with youth organizations. To participate in the work of 15 different youth organizations of the university in the field of debate, culture, volunteering, a student can now submit an online application.

Басты жаңалықтар

Главные новости

Main news

БАЛАЛАР КАВАСАКИ СИНДРОМЫМЕН АУЫРА БАСТАДЫ

Елімізде Кавасаки синдромы анықталған балалар саны 14 –ке жетті. Денсаулық сақтау министрлігінің мәлімдеуінше балалар коронавирус инфекциясымен қатты ауырғанда, соңы Кавасаки синдромына апаруы мүмкін. Ресми статистика бойынша наурыздың 13-і мен 19-та

темесі 78 %-дан 15,8 % азайған. Дегенмен, індет қазан айында қайта ушығады деп болжануда. Сондықтан санитарлық талаптардың сақталуы қатаң қадағалауда болады.

У ДЕТЕЙ ВЫЯВИЛИ СИНДРОМ КАВАСАКИ

Число детей с диагнозом синдрома Кавасаки в стране достигло

инфекционная больница и 3 провизорных центра. Из 2224 коек для больных коронавирусом 352 койки находятся в медицинских учреждениях области. Заполняемость коек снизилась с 78% до 15,8%. Однако ожидается, что в октябре эпидемия возобновится. Поэтому соблюдение санитарных требований строго контролируется.

CHILDREN DIAGNOSED WITH KAWASAKI SYNDROME

The number of children diagnosed with Kawasaki syndrome in the country has reached 14. According to the Ministry of Health, when children become seriously ill with coronavirus infection, it can eventually lead to Kawasaki syndrome. According to official statistics, from March 13 to August 19, 2,357 children aged 0 to 18 were infected with the coronavirus. However, Kawasaki syndrome, which causes inflammation of the lymph nodes, was found in only 14 children, accounting for 0.6%. Therefore, there is no reason to believe that all children suffer from this syndrome. Five sick children are residents of Nur-Sultan, three of them were discharged from the hospital. To date, 2 cases have been registered in Karaganda, Akmola and Aktobe regions, 1 each - in Almaty, Turkestan and Atyrau regions. Fortunately, the spread of the coronavirus has slowed down. Today the city has only 1 infectious diseases hospital and 3 provisional centers. Of the 2,224 beds for patients with coronavirus, 352 beds are located in regional medical institutions. The bed occupancy rate dropped from 78% to 15.8%. However, the epidemic is expected to resume in October. Therefore, compliance with sanitary requirements is strictly controlled.



мыз аралығында коронавирус инфекциясына шалдыққан 0-18 жас аралығындағы 2357 бала тіркелген. Бірақ шырышты лимфа түйінін тудыратын кавасаки синдромы тек аталған 14 балада анықталды, бұл 0,6% құрайды. Сондықтан балалар жаппай осы синдроммен ауырып жатыр деуге негіз жоқ. Ауырған 5 бала Нұр-Сұлтан қаласының тұрғындары, олардың үшеуі толық жазылып, ауруханадан шықты. Бүгінгі күнге дейін Қарағандыда, Ақмола және Ақтөбе облыстарында - 2, Алматы, Түркістан, Атырау облысында - 1 жағдай орын алып отыр.

Бір қуаныштысы, қазір коронавирусы індетінің таралу деңгейі бәсеңдеді. Бүгінде қалада 1 инфекциялық стационар, 3 провизорлық орталық ғана жұмыс жасап жатыр. Облыс бойынша емдеу мекемелерінде коронавируске шалдыққан науқастарға арналған 2224 төсек орынның 352-де науқастар жатыр. Төсек орын жүк-

14. По данным Министерства здравоохранения, когда дети серьезно заболевают коронавирусной инфекцией, это может в конечном итоге привести к синдрому Кавасаки. Согласно официальной статистике, с 13 марта по 19 августа коронавирусом заразились 2357 детей в возрасте от 0 до 18 лет. Однако синдром Кавасаки, вызывающий воспаление лимфатических узлов, был обнаружен только у 14 детей, что составляет 0,6%. Поэтому нет оснований полагать, что этим синдромом страдают все дети. Пятеро больных детей - жители Нур-Султана, трое из них выписаны из больницы. На сегодняшний день зарегистрировано 2 случая в Карагандинской, Акмолинской и Актюбинской областях, по 1 - в Алматинской, Туркестанской и Атырауской областях. К счастью, распространение коронавируса замедлилось. Сегодня в городе функционируют всего 1

ЖАСТАРҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Zhubanov University-де 60-тан астам жас қызметкерлер еңбек етеді. Олардың 50-і оқытушылар. Халықаралық жастар күнінде белсенді білім алушылармен қатар жас кадрларға да құрмет көрсетілді. Университет ректоры Бауыржан Ердембеков мерекеде жастармен кездесіп, қазіргі күрделі кезеңде туындаған қиыншылықтардан шығу жолдарымен, ешқандай кедергіге қарамай жарқын болашаққа ұмтылу жайлы ой бөлісті. Алғыс хатын табыстады, ақшалай сыйлық берді. Мәртебеге ие болғандар арасында студент-волонтер Нұрбек Жалғасбаев, Кәсіби бағдар және қабылдау комиссиясы бөлімінің қызметкері Алина Құлтанова, оқытушы Айдана Кулманова және басқалар бар. Кездесуде ЖОО басшысы алда «Үздік оқытушы», «Үздік студент», «Үздік әдіскер» және тағы да басқа ынталандыру жобаларын өткізу қажеттігін айтып, жастардың үміт биігінен көріне беретіндеріне сенім артты.

ЧЕСТВОВАЛИ МОЛОДЁЖЬ

В университете Жубанова работает более 60 молодых специалистов. 50 из них - преподаватели. В международный День молодежи наряду с активными студентами чествовали молодых специалистов. Ректор университета Бауржан Ердембеков в ходе торжества поделился своими мыслями о том, как преодолеть трудности нынешнего непростого периода и стремиться к светлому будущему, несмотря ни на какие препятствия. Он вручил благодарственные письма и денежные подарки. Среди награжденных студент-волонтер Нурбек Жалғасбаев, сотрудник отдела профориентации и приемной комиссии Алина Кулманова, педагог Айдана Кулманова и другие. На встрече глава вуза подчеркнул необходимость в будущем проведения мотивационных и поощрительных проектов, таких как «Лучший преподаватель», «Лучший студент», «Лучший методист», выразил уверенность, что молодые люди и дальше будут соответствовать ожиданиям.

HONORED THE YOUTH

More than 60 young specialists work at Zhubanov University. 50 of them are teachers. On the International Youth Day, young professionals were honored along with active students. During the celebration, the rector of the university Baurzhan Yerdembekov shared his thoughts on how to overcome the difficulties of the current difficult period and strive for a bright future, despite any obstacles. He presented letters of thanks and cash gifts. Among the awardees are student volunteers Nurbek Zhalgasbayev, employee of the career guidance department and admissions committee Alina Kultanova, teacher Aidana Kulmanova and others. At the meeting, the head of the university stressed the need in the future to conduct motivational and incentive projects, such as "The best teacher", "The best student", "The best methodologist", expressed confidence that young people will continue to meet expectations.

Жаңалықтарды интернет материалдары бойынша дайындаған Айерке Сұлтанбекова



ШҰБАТТЫҢ ПАЙДАСЫ

Түйе сүтінен дайындалатын су-сынды шұбат деп атайды. Шұбатты бір қорландырып алған соң әрі қарай ашытқысыз ашыта береді. Ертеде қазақтар шұбатты торсықта немесе ағаш күбінде ашытқан. Ол бір тәулікте өз бабына келеді. Шұбатқа арналған торсықты түйе мойнағынан жасайды. Шұбат ашытқаннан кейін, оны адамға берер алдында шайқап, көпіршігін жақсылап араластырып ұсынады. Түйе түлігі суды аз ішетіндіктен сүті майлы келеді. Шұбат құрамында май, әр түрлі витаминдер мен тұздар көп болады. Түйе сүтінің химиялық құрамы: 86,5 пайызы судан, 14,5 пайызы құрғақ заттан тұрады. Оның ішінде сүттің майлылығы — 5,0, белок — 3,6, казеин — 2,8, альбумин — 0,6, глобулин — 0,2, минералды заттар — 0,9 пайыз. Әсіресе, қос

өркешті қазақ түйелерінің сүті емдік қасиетімен құнды. Аруаналардың сүтінде майлылық 4,9 пайыздан 6 пайызға жетеді, ал, белок 3,9 пайыздан кем емес.

Амин қышқылының құрамы да жеткілікті.

Түйе сүтін үнемі пайдаланғанда адамның ішкі мүшелерінің қызметі реттеліп, ет жинайды.

Жасы ұлғайған қарттарға, ауру салдарынан дене қуаты төмендеген науқастарға бір мезгіл шұбат ішкізеді. Шұбатты ішкен соң адам денесі балбырап терлейді, ұйқысы жақсарады, сергиді.

Шипа беретін аурулары:

1. Кеңірдекшелердің созылмалы қабынуын (желөкпе) күшәлә шұбатымен емдеу жақсы нәтиже береді. Ол үшін 2-3 тал күшәләні (түгі қырылған) түйе сүті құйылған сабаға салып, әбден пісіп,

жылыдай орап, түн асырған соң, бір кеседен күніне үш рет ішеді. Осылай 2-3 ай жалғастырса, сырқат адам сауығып кетеді. Мұны «күшәлә шұбат» дейді.

2. Асқазан мен ішек жолдарына қара жел байланып, ас қорыту нашарлағанда шай тосабы арқылы емдейді. Ол үшін іші тазаланып жуылған сырлы шәйнекке су құйып, тас шай, қалампыр, қара бұрыш, тұз салып, тезек отына шымырлатып қайнатады. Шәуігіндегі дәрі-дәрмектердің нілі шыққан кезде, екі кеседі түйенің шикі сүтін қосып, қайта қайнатады. Әбден демделген қызыл күрең шайға қаймақ, сары май косады да, бір рет бір-екі кесе ішеді. Бұл емді осылай бір мезгіл жасайды (жүрек ауруы бар адамдар дәрігер кеңесін алуы керек).

Дайындаған
Айерке Сұлтанбекова

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, №KZ26VPY00026721 куәлігі 09.09.2020 ж. берілген.

Газет айына бір рет шығады

Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

Zhubanov University
облыстық ақпараттық-танымдық газеті

Меншік иесі:

ҚР БЖҒМ «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Басқарма төрағасы - ректор
Бауыржан Ердембеков

Бас редактор
Гүлнара Қараша

Аудармашы
Айерке Сұлтанбекова

Дизайнер:
Айгерім Нуршина

Фотограф:
Есет Сағрузин

Редакцияның мекенжайы:
030000, Ақтөбе қаласы,
Гришин көшесі, 7 «А»
337 бөлме

E-mail:
gazetaZhU@mail.ru
Сайт: www.arsu.kz

Facebook: ZhU oblystiy gazeti

Таралымы: 5000 дана